**Автор**: Бекежан Анапин Қайрбайұлы
**Пән**: География
**Сынып**: 7-сынып
**Бөлім**: Елтану және саяси география негіздері
**Тақырып**: Дүние жүзі елдердің географиялық жағдайы

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | • 7.6.1.2 - қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдердің географиялық орнын жоспар бойынша сипаттайды |
| Сабақтың мақсаты: | • Қазақстанның экономикалық-географиялық жағдайын анықтауды үйренеді. |
| Тілдік мақсаттар: | • Оқушылар жасай алады… Пәндік лексика мен терминологияны елдердің ГО сипаттау, картада талдау, картосхемалар құрастыру, дәлелді ойларын жазу кезінде тиімді қолдана алады. |
| Күтілетін нәтиже: | • Барлық оқушылар: Қазақстанның экономикалық-географиялық жағдай түсінеді<br>• Оқушылардың басым көпшілігі: Қазақстанның экономикалық-географиялық жағдайының ерекшелігін анықтайды<br>• Кейбір оқушылар: Қазақстанның экономикалық-географиялық жағдайының қолайлы және қолайсыз жақтарын бағалайды |
| Бағалау критерийлері: | • Оқушылар: - Қазақстанның экономикалық-географиялық жағдайын анықтай алады. - Қазақстанның экономикалық-географиялық жағдайының ерекшелігін анықтай алады - Қазақстанның экономикалық-географиялық жағдайының қолайлы және қолайсыз жақтарын бағалай алады |
| Құндылықтарды дарыту: | • Мәңгілік ел 4). Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсу |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | Интерактивтік тақта, ғаламтор желісі. |
| Пәнаралық байланыс: | • Математика «Жер көлемін анықтау» |
| Бастапқы білім: | • Дүниежүзі халқының нәсілдік құрамын және негізгі нәсілдер мен нәсіларалық топтардың таралу аймақтарын біледі. Нәсілдік белгілердің қалыптасу факторларын біледі. |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың басы (Сабақтың басы Білу Мақсаты: Қазақстанның экономикалық-географиялық жағдай түсінігін біледі. Уақыты: 5 минут) | • Ұйымдастыру. «Шаттық шеңбер» Жұмысты ұйымдастыру формасы: топтық, жұптық жұмыс. Бағалау критериилері: Қазақстанның экономикалық-географиялық жағдайын анықтай алады. Белсенді оқыту тәсілдері: «....Тыңдап отырған үштік» Тапсырма: Физикалық және климаттық карталарды қолданып, Қазақстанның географиялық орнына сипаттама беріңіз. 1. Қазақстанның жерінің аумағы ____________ 2. Әлемде алатын орыны ____________ 3.Қандай құрлықта орналасқан ? ____________ 4. Географиялық орны(түрі) ____________ 5. Қазақстан жерінің шеткі нүктелері с.е.________ ш.б _______ 6. Солтүстік пен оңтүстіктің арақашықтығы __________ км. 7. Батыс пен шығыстың арақашықтығы __________км. Дескриптор: 1 Қазақстанның жерінің аумағын анықтап, белгілейді. 2 Қазақстанның әлемде алатын орынын анықтайды 3 Қандай құрлықта орналасқан анықтайды, белгілейді 4 Қазақстан жерінің шеткі нүктелерін анықтайды, жазады. Қалыптастырушы бағалау: Кестенің «Білемін» бағанын тақырып бойынша өткен сыныптардан алған білімдеріне сәйкес не білетінін жазып толтырады. | 7-сынып оқушыларына арналған оқулық. |
| Сабақтың ортасы (Түсіну және қолдану Мақсаты: Қазақстанның экономикалық-географиялық жағдай түсінігін біледі. Уақыты: 20 мин) | • Жұмыс түрі: Жеке және жұптық, топтық жұмыс<br>• Әдіс-тәсіл: «Ойлан, Бірік, Бөліс»<br>• Бағалау критерийі: Қазақстанның экономикалық-географиялық жағдайын анықтай алады.<br>• Тапсырма: Атласты пайдаланып Қазақстанның экономикалық - географиялық жағдайын жоспар бойынша сипатта, кескін картаға Қазақстанмен шекаралас жатқан орталық, перифириялық, шекаралық, транзиттік, жағалаулық және ішкі елдерді белгіле.<br>• Дескриптор: картадан Қазақстанның экономикалық географиялық орнын анықтап, сипаттайды елдерді географиялық орнына байланысты ажыратады; орналасуы бойынша кескін картаға белгілейді; Қазақстанның және Астананы географиялық орнын белгілейді.<br>• ҚБ: «Өзін-өзі бағалау» Кестенің «Білдім» бағанына не білгені жайлы жазып толтырады<br><br>Жұмысты ұйымдастыру формасы: топтық, жұптық жұмыс.<br>Бағалау критериилері Қазақстанның экономикалық-географиялық жағдайының ерекшелігін анықтай алады<br>Белсенді оқыту тәсілдері: «Ойлан. Бірік. Бөліс»<br>Тапсырма: Мәтінді және «Дүние жүзінің саяси картасы» мен бейнекөріністі пайдаланып, Қазақстан мен Түркияның экономикалық географиялық жағдайын талдап, салыстырыңдар. бейнекөрініс пен мәтінді пайдаланып, Қазақстан мен Түркияның экономикалық географиялық жағдайын салыстырады; екі елдің экономикалық географиялық жағдайының айырмашылықтарын зерделейді<br>ҚБ: «Өзін-өзі бағалау» Кестенің «Білдім» бағанына не білгені жайлы жазып толтырады | Қазақстанның атласы,кескін картасы |

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың соңы (Жинақтау, БағалауМақсаты: Қазақстанның экономикалық-географиялық жағдайының қолайлы және қолайсыз жақтарын бағалайды Уақыты: 10 мин минут) | • Жұмысты ұйымдастыру формасы: Жеке жұмыс<br>• Бағалау критериилері: Қазақстанның экономикалық-географиялық жағдайының қолайлы және қолайсыз жақтарын бағалай алады.<br>• Тапсырма: Қазақстанның ЭГЖ қолайлы және қолайсыз жақтарын анықтаңыздар және оны жақсартуға Ұлы Жібек жолының маңыздылығын сипаттаңыз.<br>• Саралау: Мұғалімнің көмегімен А) Қазақстанның ЭГЖ қолайлы,қолайсыз жақтарын анықтайды В) Қазақстанның ЭГЖ-на баға береді. Ұлы Жібек жолының ықпалын зерттейді С) Қазақстанның ЭГЖ жақсартуға болжам жасайды Деңгейлік тапсырмаларды орындау үшін оқушылар тапсырмаларды орындау тәсілін өздері таңдайды. (шығарма, мақала, кесте толтыру,құру,жоба )<br>• Дескриптор: - Қазақстанның ЭГЖ қолайлы жақтарын анықтайды - Қазақстанның ЭГЖ қолайсыз жақтарын анықтайды; - Қазақстанның ЭГЖ жақсартуға болжам жасайды.<br>• ҚБ: «Өзін-өзі бағалау» Кестенің «Білгім келеді» бағанына не білгісі келетіні жайлы жазып толтырады. Ол үй тапсырмасы ретінде беріледі. | Дүниежүзі саяси картасы, бейнефильм. |
| Рефлексия (Рефлексия 5 мин.) | • Кері байланыс Төмендегі сөйлемдерді жалғастыру арқылы сабақтың қорытындысын өзіміз жасап көрейік: Мен.....................деген өзімнің көзқарасымды өзгерттім Мен......................................................туралы көп білдім Мен....................................................................сезіндім Мені ..........................................................таң қалдырды Маған.......................................................... қызық болды Маған...........................................................қиын болды | Бағалау парағы |
| география пәні (ақпан) | география пәні, 7-сынып | Карта, бейнефильм |